



Бекетлі
М.Д. «Құтыншак» бөбекжай-бақшасы
менгерушісі Р.Ұ. Бағытова
М.Д. педагогикалық кеңесте
08.09.2021жыл

«Шығармашылық» білім саласы
«Биле-биле, балақай!» вариативтік компонентінің
2021-2022 оқу жылы ересектер топтарына арналған
жылдық перспективалық жоспары

Түсіндірме жазба

«Биле,биле балақай»вариативтік компоненті

Оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығының 1-қосымшасы) және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып құрылды. Оқу жоспары 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналып жасалды. Оқу жоспары балабақшаның 2021 жылғы 8 қыркүйекте өткізілген №1 педагогикалық кеңесте түсіндіріліп, талқыланып, бекітілді.

2021-2022 оқу жылында вариативтік компонентті балалардың жас шамасын ескере отырып, олардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Биле,биле балақай»атты жұмыс күннің ІІ жартысында ұйымдастырылып жүргізіледі.Жылына 36 сағат,аптасына 1 сағаттан өткізіледі.Би шығармашылығы-әлемді көркемдік тұрғыдан танудағы көркем өнердің ең көне түрлерінің бірі.Би өнерінің балабақшада балаларды өнерге баулып,оларға эстетикалық тәрбие беруде маңызы зор.Ол баланы музыка тыңдауға,ырғақты сезініп,мәнерлі қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеп,дене бітімінің сымбатты болып өсуіне жол ашады.Мектеп жасына дейінгі хореографиялық негіз алған балалар жеткілікті түрде мықты қимыл қозғалыс дағдысы мен қабілетін меңгерумен қатар,жақсы есте сақтау, зейін,ұшқыр қиялмен ерекшеленеді.баланың эстетикалық,физикалық және рухани ойлау қабілеттерін тәрбиелеуге де қомақты әсерін тигізеді

Мақсаты:Балалардың денсаулығын нығайта отырып,ой –өрісін,білім деңгейін жетілдіру,көңіл күйін көтеру,музыкалық ырғаққа сай,дене қимылын дамыту.Сұлулық,сымбаттылық келбеттерін қалыптастыру.Достық қарым қатынасқа баулиды

Міндеті:Бала денсаулығын нығайтуды,музыкалық ырғақты,қарқынды сезінуді,биді мәнерлеп орындауды,олардың жекелеген элементтерін меңгеруді іске асырады.

Күтілетін нәтиже:Би іс-әрекеті үстінде әр бала бидің бар қимылын орындап қоймай,биге қызығушылығын ынталандыра,музыка ырғағына сәйкес,мәнерлі көрсетуді игереді.

Қыркүйек айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
1	Әуенге сай ырғақты билей білуге үйрету. Баланың қимылы арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Биге қызығушылығын арттырып, ырғақты қимылдар үйрету.	Ырғақты жаттығу, марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, секіру, тізе бүгіп жүру, айналу, секіру. Бас, иық, бел, аяққа арналған қимылдарды орындау.	Әуенге сәйкес би қимылдары мен дене қозғалысын көрсету.	«Көңілді балдырғандар»	Тынығу жаттығу Релаксация	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Жеке жұмыс Тынығу жаттығу
2	Балаларға бидің қимылдарын үйрете отырып, өздерін жеңіл, еркін сезінуге үйрету. Би кезіндегі қимыл іс- әрекеттерін толықтыра отырып, әсемдікке баулу. Сымбатты дене мүсінін қалыптастыру.	Маршпен аяқтың ұшымен, өкшенің сыртқы және ішкі қырымен жүру. Аңдардың жүрісімен жүру. Бас, иық, бел қимылдары.	Бидің аяқ қимылын әуенге сай орындау, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Полька адымы Жеңіл секіру	«Көңілді балдырғандар» биі	Тынығу жаттығу Релаксация Ойын: «Аңдардың жүрісі»	Қимылдармен таныстыру. Педагогтын орындауы. Балалардың өз бетімен орындауы»
3	Балалардың көңіл-күйін көтеру арқылы биге деген қызығушылығын арттыру Түрлі қимылдарды ырғақты мәнерлі билеуге үйрету. Биді билеу кезінде аяқтың, қолдың, белдің сәнді қозғалуын қадағалау.	Жаттығулар, марш, секіру, тізе бүгу, орындарында айналу. Жанымен, оңға солға алмастыра жүру.	Оң және сол жанына еңкею. Оң қолын жоғары көтеріп, сол қолын төмен түсіру.	«Жемістер» биі	Тынығу жаттығу Ойын: «Жапырақ жинау»	Қимылдарды көрсету Әуенді таныстыру Жеке жұмыс
4	Әуенді қабылдай, тыңдай отырып, оны сезіне білуге би мазмұнын түсініп билеуге үйрету. Би қимылдарын одан әрі үйретуді жалғастыру. Ырғақты қимылдармен таныстыру.	Марш, түрлі бағытқа жүру. Аңдардың жүрістерін салу. Аяқтың ұшымен секіру, аяқты алмастыра жүгіру.	Аяқтың ұшын мен өкшесін аластыра жүру. Иық, қол буын қимылдарын көрсету.	«Жемістер» биі	Тынығу жаттығу Релаксация.: Теңіздің шуын тыңдау.	Әуенмен танысу Педагогпен бірге орындау. Өзбетімен орындау. Түсіндіру.

Қазан

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
5	Балаларды әсемдікке,әдемілікке тәрбиелеу. биді түсініп қабылдау арқылы билеу шеберлігін арттыру. Эстетикалық сезімталдығын қалыптастыру. Музыкалық ырғақты қимылдарды әуенге сай әдемі орындауға үйрету. Аяқты еркін қозғалта білу,қолды ширақ қимылдату.	Жаттығу: маршпен, аяқтың ұшымен,өкшемен жүру, жүгіру.ырғақты секіру,тізе бүгу,жанымен жүгіру,аяқтың өкшесімен жүру,жүгіру айналу секіру.	Қолды жанына созып, балапан қимылын орындау.Оңға-солға айналып, шеңберге тұру. Орындарын алмастыра аяқтарының ұшын созу.	«Шөжелерім» биі	Демалу жаттығу Релаксация: Орман құстарының дыбыстарын тыңдау.	Әуенді тыңдау Көрсету Би қимылдарын үйрету Жеке жұмыс Бақылау
6	Балалардың көңіл-күйін арттырып,қимылдарды тез,әдемі орындауын қадағалау..Әуенді тыңдатып,қимылдарын көрсетіп,табиғат сұлулығын би арқылы,сезіммен жеткізуге үйрету. Би кезіндегі тепе-теңдік сақтауға үйрету.	Маршпен жүру, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру.Тізені бүгіп жүру.Түрлі секіру түрлерін орындау.Жаттығу мойынға, қолға, белге кеудеге,аяққа.Орындарында жеңіл айналу.	Аяқтың ұшын созып, балапанша «қанат қағу» қимылын орындау. Оңға -солға бұрылу, орында айналу.Төменге жоғарға теңселу.	«Шөжелерім» биі	Тынығу жаттығу Д/ойын: «Ескерткіш»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Биді өзбетімен орындау Бақылау
7	Балаларға өздерін жеңіл ұстап,әуенді сезініп билеуге,бидің мінезін аша білуге дағдыландыру.Әуенге сай билей білуге үйрету.Балаларға тепе –теңдікті сақтап, кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.	Марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру,тізе бүгу,жанымен жүгіру,бас бел,иық, белге арналған жаттығу.	«Кемпіркосақ» биінің қимылдарын жарты шеңберде оңға-солға айналып орындау.	«Жапырақтар» биі	Релаксация. Әдемі,жәй әуенге тынығу	Әуенді тыңдау Биді көрсету Жеке жұмыс Бақылау
8	Балаларға түрлі-түсті сан алуан түстен құралатын кемпіркосақпен танысу.Биді көңілді ынталы орындауға үйрету. Балаларға бидің әуенін тыңдатып,қимылдарды әуенге сай қозғалуын көрсету.Би билеу	Жаттығу: марш,аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,аяқтың өкшесімен жүру..	«Кемпіркосақ» биінің қол мен аяқ қимылдарын нақышына келтіре орындау.	«Жапырақтар» биі	Релаксация «Тынығу» жаттығуы	Әнді тыңдату Көңіл күйін ажырату Хореографтың орындауы Бақылау

	шеберліктерін арттыру					
--	-----------------------	--	--	--	--	--

Қараша айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
9	Балаларға биді еркін меңгерте отырып, бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Кеңістікте дұрыс орналасуға, қақтығыспай нұсқауды дәл орындауға үйрету. Ойыншықтарды дұрыс ұстап білуге үйрету.	Жаттығулар марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, табанның сыртқы ішкі қырымен жүру.	Ойыншықтармен бір орында айналу, шеңбер бойымен арақашықтық сақтап жүру.	«Көңілді ойыншықтар» биі	Д/ойын: «Белгі бойынша қимылды» Тынығу жаттығуы	Әуенмен танысу Жұппен орындау Көрсету Бақылау
10	Балаларға ойыншық биін үйрете отырып, олардың көңіл күйін көтеріп, музыканы тыңдату арқылы біліктерін ажыратуға, екпінін анықтауға үйрету	Жаттығулар марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру, Аңдардың жүрісін орындау	Түзу жүру, оңға, солға айналу	«Көңілді ойыншық» биі	Релаксация жай музыкаға демалу Д/ойын: «Жапырақ»	Әуеннің ырғағын ажырату. Педогогтің қимылды көрсетуі. Тынығу.
11	Балалардың денедегі бұлшық еттерін ырғақты қозғалысқа келтіру үшін, алдын-ала түрлі жаттығулар үйрету. Плие, Гран плие қимылдарының орындалуын көрсету.	Тізені бүгіп жүру. Аяқтың ұшы және өкшесімен жүру. Бірінші позицияны плие (тізе бүгу) қимылы арқылы орындау.	«Плие», гран плие тізе бүгу қимылдары..	«Классика қалыптары қалыптары»	Тынығу жаттығуы. Релаксация: Жәй әуенге тынығу.	Әуенмен танысу Орындау. Көрсету Бақылау
12	«Классикалық әуен» ырғағымен таныстырып, би қалыптарымен еркін меңгеру арқылы, бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Қимылдарды музыкаға сай орындау. Биге қызығушылығын арттыру.	Айналу, бір орында секіру, марш, аяқтың ұшымен және өкшесімен жүру.	Аяқ, бас, қол, бел қимылдары мен дене қозғалысын көрсету	«Классика қалыптары»	Тынығу жаттығуы «Қай әуен» релаксация	Әуеннің мінезін ажырату Педагогтің қимылды көрсетуі Балалардың орындауы

Желтоқсан айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
13	Қыс туралы түсінік беріп, ұлпақар биін мәнерлеп орындауға үйрету.Әсемдікке, әдемілікке, сұлулыққа баулу.Ұлпақарға тән қасиеттерді ұғындыра отырып,би элементтерін үйрету.	Жаттығу. Марш аяқтың ұшымен, өкшемен,аяқтың сыртқы, ішкі қырымен жүру.Оңға-солға айналу	Аяқтың ұшына көтеріліп жүру.Қолдарын жандарына созу.	«Балықтар» биі	Релаксация Құстардың дыбысын тыңдату	Қимылдарды көрсету Әуенмен танысу Педагогтың орындауы
14	Балаларға үйренген би қимылдарын еске түсіру Көңіл-күйін көтеріп, бидің мазмұнын аша білуге үйрету.Би ырғағын түсіндіріп,аяқ қимыл қозғалыстарын нақышына келтіре отырып би қимылын еркін сипаттай білуге үйрету.	Жаттағу Марш аяқтың ұшымен, өкшемен табанның сыртқы, ішкі қырымен журу .секіру	Қол,аяқ ,бас қимылдарын дене қозғалысын үйрету.	«Балықтар» биі	Релаксация Д/ойын: «Қимылды қайтала»	Қимылдарды көрсету Әуен тыңдату. Балалардың орындауы
15	Бидегі қолдың негізгі қимылын қадамдарын үйрету.Тепе-теңдік сақтауға,кеңістікті дұрыс пайдалана білуге үйрету.Балаларға дербес, өзбеттерімен биді орындауын талап ету.	Жаттығу марш аяқты алмастыра секіру.Жүру, жүгіру,айналу, секіру	Аяқ ,кол ,бас иық қимылдарын орындау. Қолдарын жоғары созып,айқастыру.	«Көңілді шыршалар»биі	Д/ойын: «Жұбынды тап» Тынығу жаттығу	Әуенмен танысу Педагогтың көрсетуі Биді балалардың орындауы
16	Балаларға әсем әуен арқылы биге деген қызығушылық сезімдерін оята отырып,көңіл-күйін көтеру.Тепе-теңдік сақтау.Өздерін жеңіл қозғала білу шеберліктерін арттыру.	Жаттығу. Аяқтың ұшымен, өкшемен табанның ішкі – сыртқы қырымен жүру.Бір қырымен жүру.Қос аяқпен секіру.	Қол, аяқ бас дене қозғалыстарын үйрету.	«Көңілді шыршалар» биі	Д/ойын: «Қай әуен»	Ырғақты жаттығу Биді көрсету Топпен орындау

Қаңтар айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
17	.Балаларға әсем әуен арқылы, есте сақтау қабілетін дамыту. Ептілікке батылдыққа, шапшаңдыққа үйрету. Биге деген қызығушылық сезімдерін оята отырып, көңіл-күйін көтеру. Қимылдар арқылы әуенмен қозғала билеуін үйрету. Өздерін жеңіл, еркін қозғалу шеберліктерін арттыру.	Жаттығу. Марш аяқтың ұшымен, өкшесімен жүру, жүгіру. Бел, иық, басқа арнылған қимылдар жасау.	«Аққала» биінің қимыдарымен таныстырып, үйрету.	«Аққала» биі	Релаксация Тынығу жаттығу Д/ойын: «Жұбынды тап»	Ырғақты жаттығу Әуен тыңдау Түсіндіру Орындау
18	Балаларды сымбаттылыққа, иілгіштікке баулу. Табиғат тіршіліндегі, қыс мезгіліндегі құбылыс қар туралы түсінік беру. Бидің негізгі адымдарымен таныстырып, би элементтерін нақышына келтіре билеуге үйрету.	Жаттығу. Марш, аяқтың ұшымен жүру, жүгіру. Ырғақты секіру, тізе бүгу, жанымен жүру.	Бидің аяқ қимылдары мен қол қимыдарын орындау.	«Аққала биі»	Д/ойын: «Қай әуен» Тынығу жаттығу	.Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау
19	«Ақшақарлар» биінің қол қимылдарын қозғалыстарын түсіндіріп, шеңбер бойында бір қалыпта жәй, әдемі қозғала билуге үйрету, кеңістікті бағдарлай білу реттік қатарда дұрыс жүре білу әрекеттерін дамыту.	Жаттығу. Марш аяқтың ұшымен өкшесімен жүру. Ырғақты секіру. Бас, иық, бел, аяқ қимылдарын орындау.	Қол, саусақ арналған қимылдары. Лентаны ұстап қолды оң, сол жағына созу.	«Ақшақарлар» биі	Д/ойын: «Ескерткіш» Релаксация	Әуенмен танысу Көрсету Жеке жұмыс Орындау Бақылау
20	Балалардың көңіл-күйлерін көтере отырып, лента биінің негізгі элементтерін үйрету. Балалардың шығармашылық қабілетін арттыру.	Жаттығу: Марш аяқтың ұшымен өкшесімен, табанның сыртқы, ішкі қырымен жүру.	Бидің бас, иық, қол қимылдарын үйрету.	«Ақшақарлар» биі	Релаксация Тынығу жаттығу	Ырғақты жаттығу Қимылдарды орындау Жеке жұмыс Бақылау

Ақпан айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
21	Сюжетті «Қыс қызықтары» биіндегі қимылдарды балаларға мазмұнына сай орындауға үйрету.Әуенмен мәнерлі,көңілді, ырғақты нақышына келтіре билеуге үйрету.	Жаттығу:марш,аяқтың ұшымен ,өкшемен жүру.Бас, иық, бел қимылдарын орындау.	Балаларға бидегі қол,мойын , бас қимылдарын үйрету.	«Қыс қызықтары» биі	Релаксация Д/ойын: «Белгі бойынша қимылда»	Ырғақты жаттығу Әуен тыңдау Қимылды үйрену Топпен орындау
22	«Қыс қызығы» биіндегі қозғалыстарын дамытып,бидің негізгі элементтерімен таныстыру.Музыканың ырғағымен,әуенді сезініп,мазмұнын ажырата білуге үйрету.	Жаттығу.Марш,аяқтың ұшымен, өкшесімен жүру.Жанымен жүру жүгіру.Айналу, секіру.	Балаларға кеуде,иық қимылдарын таныстырып,үйрету.	« Қыс қызықтары» биі	Релаксация Тынығу жаттығу Д/ойын: «Толқын»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың орындауы Топпен орындау
23	Балаларды ержүректілікке,күштілікке тәрбиелеп,бидің ырғағын үйрету.Көңілді әуенді сезініп ырғақпен билеуге үйрету. Би қимылдарын нақты орындау шеберліктерін арттыру.	Жаттығу.марш,аяқтың ұшымен,өкшемен табанның ішкі,сыртқы қырымен жүру.	Балаларға «теңізшілер» биінің қимылдарын үйрету.	«Теңізшілер» биі	Релаксация Тынығу жаттығу Д/ойын: «Әуенді ажырат»	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау
24	Балалардың көңіл-күйін көтеріп,биге қызығушылығын арттыру.Ырғақпен мәнерлі билеуге үйрету.Би арқылы эстетикалық талғаммен қатар баланың физиологиялық дамуын жақсартуға мүмкіндік беру.	Жаттығу. Марш,аяқтың ұшымен, өкшесімен жүру,жүгіру.Табанның ішкі және сыртқы қырымен жүру,жүгіру.Тізені бүгіп жүру.	Балаларға бидің жүрісін дене қимыл қозғалыстарын үйрету.	«Теңізшілер» биі	Релаксация Тынығу жаттығу	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау

Наурыз айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
25	Балалардың қимыл қозғалыстарын дамытып,көктем мезгілі туралы түсіндіре отырып,табиғаттағы әсемдікті би элементтері арқылы көрсете білу дағдыларын қалыптастыру	Жаттығу.Марш аяқтың ұшымен ,өкшемен жүру. Табанның ішкі және сыртқы қырымен жүру.	Балаларға «кұстар» биінің қимылдарымен және дене, бас қимылдарын үйрету,	«Қызғалдақтар биі	Релаксация Тынығу Д/ойын: «Құс қанаты»	Ырғақты жаттығу Әуенмен танысу Педагогтың көрсетуі Өзбетімен орындау
26	Бидегі негізгі адымдарды дамыта отырып,кеңістікті бағдарлай білуге,би қимылдарын әсем әуен арқылы, оны жұмсақ еркін билеуге қалыптастыру.Бидің ерекшеліктерін түсіндіру.	Жаттығу марш, аяқтың ұшымен жүру ,жүгіру.Ырғақты секіру түрлері. Бас, иық ,бел қимылдарын орындау.	Тізе бүгу,қанат қағу, теңселе орындарында айналу қимылдарын үйрету.	«Қызғалдақтар	Релаксация Тынығу жаттығу Д/ойын: « Құс қанаты»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Топпен орындау Бақылау
27	Балаларға тепе-теңдік сақтауға,кеңістікті бағдарлауға үйрету.Тепе-теңдікті сақтап, теңселу қимылын үйрету.Сымбатты сұлу мусін қалыптастыру.»Қайық» қимылын жұппен орындауға үйрету.	Жаттығу. Марш аяқтың ұшымен жүру ,жүгіру. Айналу, секіру.Бас,иық, бел,аяқ қимылдарын орындау.	Балаларға вальс биіндегі кеуде, аяқ бас қимылдарын үйрету. «Қайық» қимылын үйрету.	Жұп биі «Вальс»	Релаксация Тынығу жаттығу	Түсіндіру Көрсету Үйрету Орындау
28	Балаларға бидегі ерекшеліктмен түсіндіріп, қол қимылдарын үйрету.Би қимылдарын нақышына келтіріп,мәнерлі билеуге үйрету.Музыкалық әуенді тыңдай білу шеберліктерін дамыту.	Жаттығу марш аяқтың ұшымен жүру,жүгіру.Аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.	Балаларға би қимылдарын еркін үйренуге, музыканы тыңдап әуеннің мазмұнына сай орындау.	Жұп биі «Вальс»	Релаксация Тынығу жаттығу Д/ойын: «Қолшатыр»	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Көрсету Үйрету

Сәуір айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
29	Балалардың биге қызығушылығын арттырып бұлшық етін дамытып,салауатты өмір салтын айтып түсіндіру. Әуенді тыңдай отырып билеу шеберліктерін арттыру.	Жаттығу марш,аяқтың ұшымен жүру, жүгіру,ырғақты секіру,жанымен жүгіру.	Білекті қозғау,бас,иық қимылдарын орындау.Дене қозғалыстарын үйрету.	«Джентельмен биі	Тынығу жаттығу Релаксация Д/ойын: «Орныңды тап»	Әуенді тыңдату Қимылдар үйрету Жеке жұмыс Орындау
30	Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.Әуенді есте сақтай, оны сезіне білуін,биге қызығушылығын қабілетін дамытуды жалғастыру.Биді түсініп, қабылдау сезімталдығын дамыту.	Жаттығу марш, аяқтың ұшымен жүру ,жүгіру.Тізе бүгу, өкшемен жүру.	Робот жүрісін үйрету. Бас,иық ,дене қимылдарын үйрету.	Джентельмен биі	Д/ойын: «Белгі бойынша қимылда»	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау
31	Әуенге сай ырғақты, мәнерлі билеуге үйрету.Музыкаға сай билеу шеберліктерін арттыру.Үйренген қимылдарды өзбетімен орындауға үйрету.Әдемі билей білуге дағдыландыру.	Жаттығу марш, аяқтың ұшымен, өкшеменжүру.Аяқтың ішкі сыртқы қырымен жүру.Бір жанымен жүгіру.	Балаларға «толқын» биінің қимылдарын (бас, иық,бел) қимылдарын үйрету.	«Толқын» биі	Релаксация Тынығу жаттығу Д/ойын: «Қолшатыр»	Түсіндіру Көрсету Жеке жұмыс Бақылау Қадағалау.
32	Биге қызығушылығын арттырып,ырғақты орындауға баулу.. Денені еркін қозғалта білуге үйрету.Әсемдікке баулу. «Толқын» қимылын үйрету.	Марш жаттығу,аяқтың ұшымен ,өкшемен жүру,жүгіру.Бел, аяқ, бас қимылдарын орындау.Жанымен, бір қырымен жүру.	Балаларға «толқын» биінің аяқ,иық, бел қимылдары мен қозғалыстарын орындау..	«Толқын» биі	Релаксация Тынығу жаттығу	Көрсету Орындау Жеке жұмыс Бақылау

Мамыр айы

Апта	Мақсаты	Музыкалық-ырғақты қимылдар	Би элементтері	Би репертуары	Релаксация, ойын	Іс-әрекет технологиясы
33	Балаларға көңілді күн биінің негізгі қимылдарымен таныстыру.Әуенге сай ырғақты билеуге,қимыл арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Балалардың көңіл-күйін көтеріп, бидің әуенін тыңдату	Жаттығу.Марш аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру.Айналу секіру.Секіру түрлері.Тізені көтеріп жүгіру.	Балаларға «көңілді күн» биінің қол мен аяқ,бас қимылдарын үйрету.	«Көңілді күн»» биі	Релаксация Д/ойын: «Аңдардың жүрісін сал»	Түсіндіру Көрсету Үйрету Бақылау
34	Балалардың шығармашылық қабілетін дамытып,мәнерлі билеуге үйрету. Балалардың бидегі қимыл-қозғалыстарын дамытып,шапшаңдық белсенділігін арттыру.	Жаттығу. Марш,аяқтың ұшымен ,өкшемен жүру,жүгіру.Айналу секіру.тізені бүгіп жүру.	Балаларға «Көңілді күн» биінің қимыл қозғалыстарын орындау.	«Көңілді күн» биі	Релаксация «Орнынды тап» Тынығу жаттығу.	Ырғақты жаттығу Әуенді тыңдау Хореографтың көрсетуі Орындау
35	Балаларды классикалық әуенді тыңдауға, ырғағына ілесіп билеуге үйрету.Әуенді есте сақтай отырып,жұмсақ өздерін еркін сезініп білуге үйрету.Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	Жаттығу.Марш аяқтың ұшымен өкшемен жүру, жүгіру.Табанның ішкі ,сыртқы қырымен жүру.	Балаларға плие қимыл –қозғалыстарын үйрету.	«Классикалық қалып»	Тынығу жаттығу Релаксация су дыбысына тынығу.	Ырғақты жаттығу Әуен тыңдау Орындау Қайталау
36	Классикалық қалыптарды қайталауды жалғатырып, плие,гран плие қимылдарын қайталап еске түсіру.Аарақашықтық сақтауға үйрету.Биді жұптасып би қимылдарын орындай білуге үйрету.	Жаттығу.марш аяқтың ұшымен, өкшемен жүру, жүгіру. Қос аяқпен секіру. Бір қырындап жүру.	Қалыптарды қайталап,плие қимылын үйрету.	«Классикалық қалыптарды қайталау»	Релаксация Жаттығу ойын «Жұбыңды тап»	Көрсету Үйрету Орындау Бақылау

